



# Қалалар мен ауылды мекендер

ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ • БАҒЫТ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР • ҚАЛАЛАР МЕН АУЫЛДЫ МЕКЕНДЕР

## 1-бөлім: Қоныстануға кіріспе

### • Қоныс дегеніміз не?

Қоныстар деп адамдар тұратын орындарды айтамыз, бұл жерлерде осы мекен мен өзге де мекендердегі адамдарға әртүрлі қызметтер көрсетіледі. Қоныстанудың түрлі иерархиялары бар, ол ауылдық жердегі шағын орындардан бастап, миллиондаған халқы бар, созылып жатқан мегаполистерді қамтиды. Кейбір қоныстардың дамуға мүмкіндіктері бар, мысалы олар да маңызды ресурстар болуы немесе олар тоғыз жолдың торабында орналасуы мүмкін. Қалалар көбінесе дамуға бейім, олар қалаға жақын аймақтардағы адамдарды қаланы көркейту үшін қызмет көрсетуге өзіне тартады: әлемде шамамен күніне 180 000 адам қалаға көшеді. Егер қала өзінің маңызды ресурсын жоғалтса, онымен қоса халқын да жоғалтуы мүмкін. Сонымен бірге, тұрғын үйлері аз қоныстар да бар, оларды ауылдар немесе шағын ауылдар деп атайды. Бұл жерлерде қызмет түрлері өте аз, тіпті ешқандай қызмет түрі көрсетілмеуі мүмкін және халқының саны 100-ден де аз болуы мүмкін.

## ДИАГРАММА 01:



### • Ұсынылатын фильмдер

- Ресурстарды реттеу
- Қалалық аймақтар
- Ауылдық қоныстар

### Қосымша сұрақтар

#### C1. Ауыл қалаға қай жағдайда айналады?

Ауылдың қалаға айналуының арнайы белгісі жоқ. Бұл халықтың белгілі бір санымен де, көрсетілетін қызметтердің көлемімен де өлшенбейді, алайда көбінесе қоныстың аймақтағы орталыққа айналуынан басталады. Тарихқа жүгінсек, қалалар сауда орталықтары болған жерде қалыптасқан, себебі мұнда байлық көп шоғырланған, және бұл қосымша қызмет түрлерінің қалыптасуына ықпал еткен.

#### C2. Әлемдегі ең үлкен қала

Қаланың халқын есептеудегі қиындықтардың бірі – халық санағын дәл жүргізу мәселесі. Кейбір қалалардағы халықтың бір бөлігі әкімшілікпен байланысудан қашып, жалпы халық санағында ескерілмеуі мүмкін. Сонымен қатар, қала халқы үнемі өзгеріс үстінде, күніне қанша адам келіп, қаншасы кетіп жатады. Келесі бір мәселе, қаланың қай жерден “басталып”, қай жерден “аяқталатындығында”, себебі кейбір қалалардың ресми шекаралары мен шынайы шекаралары арасында айырмашылық бар. Токио, Мехико және Шанхай қалалары халқы ең көп қалалар деп есептеледі.

#### C3. Қоныстар жоғалып кетуі мүмкін бе?

Қалалар жоғалып кетпесе де, шағын қоныстарды әртүрлі себептермен адамдар тастап кетіп жатады. Кейде бұл адамдардың іс-әрекетімен де байланысты, мәселен 18-ғасырдың соңында Шотландиядағы ауылдық жерлерді қысқарту сияқты. Сондай-ақ, қалалар әскери мақсаттармен және жер сілкінісі тәрізді апаттардың салдарынан жоғалып жатады. Археологтар ұзақ уақыт бұрын тасталынған қоныстардың қалдықтарын зерттеуде.

• Қоныстану қалай дамыды?

**ДИАГРАММА 02:**



Барлығымыз белгілі бір қоныс түрлерінде өмір сүреміз. Ол бірнеше үйден ғана тұратын ауыл немесе жүз мыңдаған адамы бар шулы қала болуы мүмкін. Барлығымыздың тілектеріміз бен қажеттіліктеріміз ұқсас, алайда олардың барлығы бірдей қанағаттандырылмауы мүмкін, сондықтан қалалардың құрылымы күрделі, жылдам дамиды және қиын жағдайларға тап болады. Қалалардың көпшілігі жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан. Қалалардың уақыт аралығындағы даму кезеңдері болғанымен де, арнайы жоспарланып, белгілі-бір мақсаттармен және жүйелі реттілікпен жақында салынған қалалар да бар. Мұндай жоспарланған қалалардың қатарына Канберра (Австралия), Бразилиа (Бразилия), Вашингтон (АҚШ) және Милтон Кейнс (Ұлыбритания) тәрізді қалаларды қосуға болады.

**Қосымша сұрақтар**

**С4. Қала “әлемнің қаласына” қалай айналады?**

Әлем қаласында бүкіл әлем білетін ғимараттар болады, онда миллиондаған адам өмір сүріп, жұмыс істейді және жылына миллиондаған туристер келеді. Бұл қала халықаралық қаржы орталығы болуы, көптеген ірі компаниялардың бас штабтары орналасуы немесе жаһандық көлік жүйесінің орталығы болуы мүмкін.

**С5. “Инфрақұрылым” терминінің мағынасы қандай?**

Адамдарға күнделікті қажетті ресурстарды біріктіретін және жеткізетін желілер барлық қалаларда бар. Инфрақұрылым – қаланың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қарапайым физикалық және ұйымдық құрылымдар. Оған қуат, құбырлар жүйесі, ақпарат және төтенше жағдайлар қызметтерін ұсынатын желілер жатады. Халық пен инфрақұрылым жүйесінің үйлесімі қоныстарды ары қарай дамытады, не тоқтатады.

**• Ұсынылатын жаттығу**

- Оқушылардан өздерінің туған қалалары туралы нұсқаулық жасауды тапсырыңыз. Қоныстардың үнемі өзгерісте болатынын көрсету үшін өздері тұрған уақытта қоныстарында орын алған өзгерістерді анықтауды тапсырыңыз. Сонымен бірге, мұнда болатын болашақ өзгерістер туралы өз ойын білдіруді сұраңыз.

**• Ұсынылатын фильмдер**

- Ресурстарды реттеу
- Қалалық аймақтар
- Қалалық жерлерді пайдалану үлгілері

Қала орталықтарын дамыту үшін кейде ескі ғимараттарды бұзып, олардың орнына жаңа үйлер, офис кешендері мен сауда орталықтары салынады. Тұрғын үйлері ескі қала орталықтары мен бағасы қымбат, алып жатқан кеңістігі үлкен үйлері бар қала шеттері арасында анық айырмашылықтар бар. Қала орталығына жақын үйлерге көбінесе қалаға жаңадан келушілер орналасады, алайда ең қымбат жылжымайтын мүліктер қаланың орталығында да орналасып жатады, ал жаңа келушілер перифериялық мекендерге жиі орналастырылады.

Қалалардың көпшілігінің тарихи орталықтары бар, олар қаланың өткені мен негізгі қызметі туралы хабардар етеді. Негізгі қызметтері сауда, курорт, порт, жол айрығы немесе өнеркәсіп орталығы (егер табиғи ресурстар қоры немесе көлік жүйесі мықты болса) болған болуы мүмкін. Кейбір қоныстар ешқашан ауыл шегінен ары асып дами алмаса да, ірі қалалардың көпшілігінің айналасында шағын елді мекендер болады, ал қалалар ауылдарды өзіне қосып алып отырған. Әсіресе, қорғаныс мақсатында салынған кейбір қоныстардың уақыт өте келе даму мақсаттары туралы деректер жоғалып кетеді.

• Қаланың қалдық ізі дегеніміз не?

Барлық елді мекендер жер бетінде өз “ізін” қалдырады. Қаланың физикалық қалдық ізі ғимараттардың нақты салынған шекарасымен шектеледі. Басқа қалдық іздердің бірі – экологиялық қалдық ізі – адамдардың табиғат пен ресурстарға деген сұранысының өлшемі, және оның қалдық ізі қаланың шекарасынан да асып кетеді. Қалаларда энергия, су, азық-түлік және өзге де ресурстар көп мөлшерде тұтынылады. Сонымен қатар, адамдар ауылды жерлерден қалаға қарай ұмтылады (тұрақты түрде қаланы кеңейте түседі), нәтижесінде қалдық ізі де уақыт өте өзгеріп отырады. Қаланың қалдық ізі “белгілі” аймақ емес, ол әртүрлі есептеулер жүргізе отырып, болжам жасау арқылы табылады.



Жапониядағы Токио – 35 миллион адам өмір сүретін мега қала

• Ұсынылатын фильмдер

- Ресурстарды реттеу
- Қалалық аймақтар

Қосымша сұрақ

С6. Қаланың экологиялық қалдық ізі қалай есептеледі?

Экологиялық қалдық із – қаладағы адам іс-әрекетін жүзеге асыруда өндірілген парниктік газдардың (карбон диоксидімен қоса) өлшемі және олардың қоршаған ортаға тигізер әсері. Қаланың экологиялық қалдық ізі тұтынылған энергия мен шығарылған көміртегіні қоса есепке алады. Қаланың ені мысалы 10 км болғанымен де, тауарлар мен қызметтерді өндіруге қажетті жер көлемі одан үлкенірек болуы мүмкін.

2-бөлім: Қоныстанудағы өзгерістер

• Адамдар неліктен қалада өмір сүргісі келеді?



Қаланың құрылымы күрделі және жүйеленген

• Ұсынылатын фильмдер

- Қалалық жерлерді пайдалану үлгілері
- Бразилия: Фавеладағы өмір

Кез келген қоныс адамдарды уақытша, мысалы, қысқа мерзімдік жұмыс үшін, сыйынатын орын үшін, не автокөлікке жанармай құю үшін өзіне тартады. Қоныс өскен сайын, халыққа қызметтердің алуан түрлерін дамытуға мүмкіндік береді және бұл қызметтердің деңгейі жоғарылап, көп халықтың жұмыс істеуін талап етеді. Қалалар демалыс орталықтары, әмбебап дүкендер, кинотеатрлар және музыкалық аренаармен қоса, қызметтердің көп түрімен қамтамасыз етеді, ал ауылдар шағын көлемдегі пошта бөлімдерімен және азық-түлік дүкендерімен қамтамасыз етеді.

Ауылды жерлердің өз артықшылықтары (халықтың орналасу тығыздығы төменірек, таза, әрі тыныш) болғанымен де, кейбір адамдарға олар қалайтын орта мен өмір салтын ұсына алмайды. Қызметтердің үлкен ассортименті, көлік желілеріне қолжетімділік және жұмыс мүмкіндіктері кейбір жас топтарын қалаға көшуге итермелейді. Әлемнің түрлі бөліктеріндегі жылдам дамушы қалалар бірқатар мәселелермен соқтығысады: оның ішінде сапасыз тұрғын үйлер, халықтың тым көп шоғырлануы, санитария мен азық-түлік тәрізді негізгі қызмет түрлеріне қысымның түсірілуін атауға болады. Нәтижесінде, үйсіз болу және оған қатысты мәселелер пайда болады. Дәл осы мәселелер 19-ғасырдың соңында Ұлыбритания мен АҚШ-тың көптеген қалаларында кездесті және әлі күнге дейін кездеседі.

### Қосымша сұрақтар

#### С7. Лашық үйлі қалашықтар дегеніміз не?

Бұл – әлем қалаларының көпшілігінде алуан түрлі формаларда кезігетін спонтанды аймақтар. Жақсы өмірді аңсап, іздеп келген мигранттар ең алғаш қалаға келгенде нашар үйлерде тұруға мәжбүр болады. Бұл үйлер жел өткізетін, арзан, қолда бар материалдардан тұрғызылады. Енді ғана дамып келе жатқан лашық үйлі қалашықтар қызметтермен қамтылмаған. Уақыт өте келе, бұл жерлерде өмір сүретін қауым қалашықты жақсартуы мүмкін, алайда көп жағдайда олар қылмыс пен зорлықтың ортасы болып қала береді. Ең қызығы, кейбір жүргізілген зерттеулер бойынша бұл жерлерде өмір сүретін халық анағұрлым бақытты әрі өз өмірлеріне дән риза.



**Лашық үйлі қалашықтар қоғамдық инфрақұрылымдары жоқ, қызметтер көрсетілмейтін жерде дамиды**

#### С8. Неліктен лашық үйлі қалашықты қалыптаспай жатып бұзып тастамайды?

Қалаға көшіп келетін адамдарды қорғайтын бірқатар анық ережелер бар, бұл дегеніміз – лашық үйлі қоныстарға рұқсат етіледі деген сөз. Олар дамып, түрлі қызметтерді талап ете бастаған сәтте, олар жартылай ресми статусқа ие болады. Өте мықты қауымдар тіпті өздерінің лашық үйлі қалашықтарын қорғауда жеңіп те жатады. Сонымен қатар, мұндағы халық арзан жұмыс күшін құрайтындықтан, көрші бай аудандармен де байланыс жасайды.

#### • Ұсынылатын жаттығулар

- Фавела ұғымы Бразилиядағы спонтанды қоныстар үшін қолданылады. Оқушылардан осыған бейресми қоныстануды кем дегенде төрт өзге елде қалай атайтынын сұраңыз. Осындай бейресми қоныстанулардың өздеріне тән сипаттамалары қандай?
- Оқушылардан фавела туризмі идеясы, яғни заңсыз тұрғызылған қоныстарға жүргізілген экскурсия бизнесі туралы сұраңыз. Мұның оң және теріс тұстарын анықтауды тапсырыңыз.

#### • Қалалар қалай “жұмыс істейді”?

Қалалар соңғы бірнеше жүзжылдықтар бойы көшіп келіп жатқан адамдардың әсерінен дамыған. Қаладағы өзгерістер дұрыс басқару жүйесін талап етеді, мысалы олар ұрпақтардың ауысуы кезінде мәдени мұраларды сақтаудан бастап, тоқтаусыз көлік қозғалысын қамтамасыз етуге дейін қажет. Тым көп шоғырлану – қаладағы көліктердің саны мен жақын аймақтарды байланыстыратын үлкен жолдар мен магистральдардың көбеюі салдарынан туындайтын мәселе. Транспорттық жоспарлау осы мәселелерді реттеуде өте маңызды орын алады, басқару шешімдеріне тым көп шоғырланған жолдарға ақы алу, парк және жүргіншілер жолын салу жатады. Сонымен қатар, мүмкіндігінше көп адамға қоғамдық қызметтерді қолдануға тең мүмкіндік беру үшін шаралар қолданылуы қажет. Қала тұрғындары мен қонақтар қаланың өз тарихымен тығыз байланысты болғанын бағалайды, алайда олар нақты бір аудандардың жақсартылуын қалайды. Кейде құрылыс жұмыстары тарихи даму қазбаларын тауып, тарихи және археологиялық құндылыққа ие болады. Рим қаласында әлі күнге дейін Колизей, Пантеон және катакомбалар тәрізді ежелгі архитектуралық құрылыстар бар.

Қала дамыған сайын, оның даму жолындағы тенденцияларды картадан не әуе түсірілімдерінен байқауға болады. Тіпті, шағын қоныстардың да өзіне тән даму жолы болады. Халық географиясын зерттеушілер осы даму жолдарын зерттеп, оларға атаулар да берген. Бұларға орталықтанған қоныстану (орталық объектінің жан-жағына орналасқан), шашылып таралған қоныстану (нақты анық орталықсыз қоныстану) және сызықтық қоныстану (жолдың немесе басқа көлік жүйесінің бойында қоныстану) жатады.


1930 жылдары Берджесс қала орталығында орталық бизнес ауданы (ОБА) орналасатын модельді құрастырды. Қалаларды “модельдеу” кезінде қиындықтар көп, себебі әр қаланың өз ерекшелігі мен күрделі құрылымдары бар. Көп қалалар бұрынғы кезден қарағанда көп өзгеріске ұшыраған және қазіргі жерді қолданудағы заманауи модельдер осы күрделі құрылымдарды бейнелеп көрсетеді.

#### • Ұсынылатын фильмдер

- Ресурстарды реттеу
- Қалалық аймақтар
- Ауылдық қоныстар
- Әулие Павел соборын қорғау



### ДИАГРАММА 03:



#### Қосымша сұрақ

##### С9. Жерді пайдалану үлгісі дегеніміз не?

Географтар “орташа” қаланың дамуын қарапайым етіп, негізгі даму жолын анықтау үшін Берджесс моделі тәрізді жерді пайдалану үлгілерін жасайды. Осы арқылы түрлі аудандар арасындағы байланыстар анықталады және талқыланады. Үлгілер аймақтардың жерді пайдалану жолына байланысты дамидынын көрсетеді. Мұнда тұрғын үйлі аудан, сауда алаңдары мен өнеркәсіптік аудандар болады. Бұл құрылыстардың орналасқан жері көп қалаларда бірдей болады.

##### С10. Жерді пайдалану үлгілері қалай өзгерген?

Жерді пайдаланудың жаңа үлгілері 20-ғасырдың ортасынан бастап көлік желілері мен ландшафт ерекшеліктерін ескеретін болды. Дамуға кедергі әрі көлік желісі болатын өзендер жағасында орналасқан көп қалалардың осы ерекшелігі үлгіге енетін болған. Гомер Хойттың моделінде негізгі жолдар мен темір жолдардың айналасынағы дөңгелектерге секторлар қосылды. Харрис пен Ульман қаланың “орталығы” бірден артық, яғни “бірнеше ядролы” бола алады деп ұсынды. Географиялық ақпараттық жүйені (ГАЗ) қолданатын қазіргі модельдеу жүйесі қалалардың ұқсастықтарын көрсетуден гөрі, олардың айырмашылығы мен күрделілігін көрсетуге тырысады. ГАЗ географиялық ақпараттық карта, модельдер және диаграммалар арқылы көрсетіп, талдайды және тенденциялар мен қалыптасқан жағдайларды түсінуге көмектеседі.

##### С11. Дамыған және кенже дамыған елдер қалалары бір модельді қолданады ма?

Жерді пайдалану зоналары барлық қалаларда дамуда, алайда Бразилиядағы Сан-Паулу сияқты жерлерде қосымша фавелдер де бар, бұлар Париж немесе Берлин сияқты қалаларда кездеспейді. Қала құрылымы мен қала салуға байланысты жаңа теориялар заманауи қалалардың күрделілігіне мән береді. Кенже дамыған елдер қалаларының классикалық моделінің бір түрін географтар Гриффин мен Форд жасаған болатын, олар өз идеясын ертедегі модельдерді қолдана отырып, дамытқан.

• Ұсынылатын жаттығулар

- Оқушылардан қалалық жерді қолдану жайлы әртүрлі модельдер туралы сұрап, оларға сын айтуды тапсырыңыз.
- Қаланың күрделі жүйесін қарапайымға айналдыру кезінде олар нені жоғалтады?
- Оқушылардан өз қаласындағы жол кептелістерін азайтуға қандай шешімдер ұсынатынын сұраңыз.

• Әлемнің түрлі бөліктеріндегі қалалардың айырмашылықтары қандай?

Дамыған елдің қаласы болсын, кенже дамыған елдің қаласы болсын әлемдегі қалалардың барлығы бірдей қасиеттерге ие. Екеуінде де жер бағасы жоғары, зәулім ғимараттар, жаһандық брендтер, әмбебап дүкендер, қонақүйлер мен кеңселер орналасқан ОБА бар. Алайда, қызметтер мен инфрақұрылымдардың тартылуы, көлік жолдарына қолжетімділік, қоршаған ортаның тазалығы, әсіресе ауаның сапасы қалалар арасында үлкен айырмашылыққа ие.

Дамыған елдерде қала шеттерінде халық тығыз емес және жоғары сапалы үйлер болса, кенже дамыған елдердің қала шеттерінде бейресми қоныстар мен лашық үйлі қалашықтар орналасқан.

• Ұсынылатын фильмдер

- Қалалық аймақтар
- Ауылдық қоныстар

Қосымша сұрақ

C12. Қаланың өсуімен байланысты мәселелер қандай?

Қаланың өсуіне байланысты туындайтын бірқатар мәселелер бар. Олар білімге, денсаулық сақтауға, қызметтер мен көлікке қатысты. Қала өскен сайын жолдағы кептелістер саны мен жұмыс орындарына деген бәсекелестік артады. Кенже дамыған елдерде қала өсуімен туындайтын мәселелер көбірек болады, себебі мұндағы инфрақұрылымдар мен қызметтер мөлшері шектеулі.



Лашық үйлі қалашықтар кейбір қалалардың сыртында пайда болады

3-бөлім: Қоныстануға қатысты мәселелер

• Қалалардың айналасындағы аймақтарға тигізер әсері қандай?



Әр күн сайын жүз мыңдаған адам ауылды жерлерден қалашықтар мен қалаларға қарай көшеді

• Ұсынылатын фильмдер

- Қараусыз қалған жерлер
- Ауылдық қоныстар
- Ауыл-қалалық өлке
- Ауыл депривациясы

Адамдар қалаға көшкен сайын, негізгі қызмет түрлеріне сұраныс арта түседі. Кеңістік көлемі шектеулі болғандықтан, қала орталығына қарай жердің бағасы арта түседі, бұл қала орталығының жылдам өсуін қамтамасыз етеді. Нью-Йорк, Гонконг және Сан-Паулу сияқты қалалар осы моделдің мысалдары болып табылады, бұл қалаларда әлемдегі ең биік ғимараттар орналасқан.

Жақын уақыттарға дейін қалалардың көпшілігі ауыл шаруашылығы жерлерімен қоршалған болатын, бұл жерлер қаланы жаңа піскен өнімдермен қамтамасыз етіп, тұрғындарын асыраған. Жаһандану шикізаттар мен өнеркәсіп тауарларының өндірілетін орнын өзгертті. Әлем бір-біріне өзара байланысты бола түсуде, халықаралық сауда мен байланыстағы кедергілер азайып, тауарлар мен қызметтердің кең көлемдегі алмасуына, трансұлттық компаниялардың дамуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жаһандану әлемдік экономикалар мен мәдениеттердің интеграциясына жол ашуда.

Ауылдық жерде өмір сүретін жастар көбінесе қалада тұруды қалайды, олар ауыл өмірінің өте тыныш екендігін және жұмыс орындары жетіспейтіндігін алға тартады. Олар оқуларын аяқтап, жұмыс іздей бастаған кезде жақын маңдағы қалашыққа барып жұмыс істеуге мәжбүр болады, олар “миграциялық қадамдар” жасап, ақырындап қалаға өз жолдарын ашады. Урбандалу – адамдардың ауылды жерлерден қалалар мен қалашықтарға қоныс аудару процесі. Бұл ауылдық жерге өзінің теріс әсерін тигізуі мүмкін, оның ішінде халықтың қартаюын, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің азаюын атап кетуге болады.

Рурализация – адамдардың қаладан ауылды жерге көшуі. Урбандалуға қарсы себептерді тартушы (қалалы жерден көшу себебі) және итеруші (ауылды жерге көшу себебі) факторлар деп екіге бөлуге болады. Тартушы факторларға ластану, қылмыс, кептеліс деңгейлерінің жоғарылауы, ал итеруші факторларға өмір сапасын арттыру және бос кеңістікті көбейту жатады. Қала шетіндегі бизнес парктердің, көлік иеленушілердің, көлік желілерінің жақсаруы да рурализацияның себептері болып табылады.

### Қосымша сұрақ

#### С13. Қала шеті қалай дамиды?

Аэропорттар, сауда орталықтары, гольф алаңдары, тазалау орындары, электростанциялар мен үлкен масштабты өндірістер әдетте қала шетінде орналасады, себебі мұнда жер арзан әрі көп бос кеңістік бар. Жерді сатып алу бағасы мен болашақта өнеркәсіпті кеңейту мақсатында жеткілікті жер алу керек болғандықтан, жер – шектеулі фактор. Ұлыбританиядағы Шеффилдте болат өндірісі өзен жайылмасы маңындағы жайпақ жерде орналасқан, бұл болашақта зауыттар кеңісе, бос кеңістік болу үшін жасалған.

#### С14. Қараусыз қалған жерлер дегеніміз не?

Қараусыз қалған жерлер – ертеректе құрылыстар салынған орындар. Жабылған зауыттар немесе бұзылған тұрғын үй құрылыстары қалалардың көпшілігінде бар. Бұл жерлердің негізгі артықшылығы – олардың көпшілігі жол мен коммуналдық қызметтерге қосылғандығында. Кемшіліктерінің бірі – егер бұл аймақ өнеркәсіп үшін қолданылып, ал жаңа үйлер тазаланбаған жерде салынған болса, өндірістен қалған химиялық заттар мәселелер тудыруы мүмкін.



Қала шетіндегі ауылдық жерлер – өнеркәсіптерін кеңейтушілер үшін қолайлы жер

### • Кейбір қалалар неліктен жылдам өсуде?

Адамдар жұмыс іздеу мақсатында көшіп келіп жатқандықтан, әлемнің кейбір қалалары басқаларына қарағанда жылдамырақ өсуде. Лос-Анджелес тәрізді үлкен қалалар 64 километрге (40 миль) дейін созылып жатыр, жаңа келушілер саны да тоқтаусыз өсуде. Кейбір қалалар шетел инвестициясы әсерінен немесе шетел инвестицияларын тарту үшін салық саясатын өзгерту әсерінен өсуде. Қалғандары, көбінесе кенже дамыған елдердегі қалалардың халқы жас, олар қарт халыққа қарағанда табиғи түрде жылдам өседі және бұл топ сапалы денсаулық сақтау мен білім беру қызметтерін қажет етеді.

Кейбір қоныстар оң емес себептер әсерінен де жылдам өседі. Сомали мен Кения шекарасы арасындағы Дабаад шағын елді мекені Африка мүйізінде 2011 жылдың жазында болған аштық әсерінен жылдам өсуде.

### • Ұсынылатын фильм

- Ауылдық қоныстар

## • Орнықты қоныстану мүмкін бе?

“Орнықтылық” терминін түсіндіру оңай, алайда оған жету өте қиын. Орнықтылық үш элементті қамтиды: әлеуметтік, экономикалық және экологиялық орнықтылық. “Орындықтың орнықтылығы” табуреткеның үш аяғы тәрізді: егер бір аяғы болмаса орындық жерге құлайды. Экономикаға оң әсер еткенмен де, қоршаған ортаға теріс әсер етсе, бұл орнықтылық болып табылмайды. Брундтланд комиссиясының 1987 жылы орнықтылыққа берген анықтамасы мынандай:

“... болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін өтеуге зиян келтірмей, қазіргі шақтағы қажеттілікті қамтамасыз ете отырып даму”.

Орнықты қоныстанудың түрлі элементтері бар, алайда идеяның мақсаты – адамдарды белгілі бір қалыппен мәңгі өмір сүруіне жағдай жасау. Бұл үйлердің жоғары энергия тиімділікпен салынуын, транспорттардың ішінен қоғамдық көлікпен велосипедтерді көбірек қолданылуын және көпшіліктің жұмысына жақын жерлерде өмір сүруін қамтиды. “Көміртегіге бейтарапты” ұғымы болашақта дамуды осындай жолмен жоспарлайтын немесе осындай жолмен салынған қалалар туралы қолданылады.

Үлкен қалалардың ресурстарды көп қажет етуіне байланысты, шынайы орнықты қалалар саны саусақпен санарлықтай. Бразилиядағы Куритиба қаласы орнықты қала деп есептеледі. Қоғамдық көлік басым рөлге ие, автобус маршруттары барлық аудандарды байланыстырады. Қалдықтарды өңдеген тұрғындарды марапаттайтын схема жақсы дамыған. Бразилия фавелалары мұнан тыс жатыр десек те, тұрғындар өзара қоқыс қаптарын автобус билеттеріне және тамаққа айырбастай алады, нәтижесінде қаладағы қалдықтың 70%-ға жуығы қайта өңделеді.



### Қосымша сұрақ

#### C15. Болашақта қалалар қалай дамиды?

Қазірге таңда Абу-Даби шөліндегі Масдар қаласы болашақта әлемдегі ең орнықты қалаға айналады деп жоспарлануда. Алайда, оның шөлде орналасуы оның дизайнына қатысты қиындықтар туғызуы мүмкін. Үлкен күн электрстанциялары мен геотермалды энергия қаланы қуаттандыратын болса, орнықты кәрі кокос пальмаларының плантациялары құрылыс материалдары ретінде қолданылатын болады.

### • Ұсынылатын жаттығулар

- Оқушыларға орнықты қала үлгісін жасауды тапсырыңыз. Олар өздерінің туған қаласы қалай жұмыс істейтіні туралы, ұқсас заттарды жақсырақ жолмен жасау туралы ойлансын. Куритиба немесе Масдар қалаларын зерттеу арқылы пайдалы кеңестер табуға болады.
- Оқушылардан өздерінің көміртегі қалдықтарын есептеп, өмірлерінде ненің орнықты емес екенін анықтауды тапсырыңыз. Оларға өз өмірлерін өзгертудің балама жолын іздеуді тапсырыңыз. Бұл жол олардың қазіргі өмір сапасына әсер етпей, болашаққа пайда әкелетін болуы керек екенін түсіндіріңіз.

### • Ұсынылатын фильм

- Ресурстарды реттеу



## • Тест

## Қоныс ресурстары

## Негізгі

## • Инфрақұрылымға келесілер жатады:

- A – көлік жүйелері, интернеттің қолжетімділігі, ұялы телефон технологиялары
- B – электр желілері, заң қорғау органдары, канализация
- C – электрмен қамтамасыз ету жүйелері, су құбырлары, денсаулық сақтау
- D – жоғарыдағылардың барлығы

## • Лашық үйлі қалашықтар ... пайда болуы мүмкін

- A – табиғи ресурстар орналасқан жерде
- B – көлік желілері жақсы дамыған жерде
- C – қоғамдық инфрақұрылымдар мен қызметтер көрсетілмейтін жерде
- D – әртүрлі қызметтер көрсетілетін жерде

## • Орнықты қоныстану ...

- A – табиғи ресурстарды тауыспай, әрбір адамды жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді
- B – табиғи ресурстарды қолдана отырып, әрбір адамды жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді
- C – табиғи ресурстарды тауыспай, халықтың тең жартысын жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді
- D – табиғи ресурстарды қолдана отырып, халықтың тең жартысын жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді

## Тереңдетілген

## • Инфрақұрылымдар ...

- A – қоныстардың негізгі және ұйымдық құрылымы болып табылады
- B – қоғамның игілігі үшін қажет
- C – қауіпсіз, сәтті және бақытты қоғам құру үшін қажет
- D – жоғарыдағылардың барлығы

## • Қалдықты өңдеу инфрақұрылымының жеткіліксіздігінен жылына қанша сәби көз жұмады?

- A – 1,5 миллион
- B – 250 000
- C – 3 миллион
- D – 600 000

## • Төмендегілердің қайсысы лашық үйлі қалашыққа тән емес?

- A – қоғамдық инфрақұрылымдар мен қызметтер көрсетілмейтін жерде орналасады
- B – қылмыс пен жұмыссыздық деңгейлері жоғары
- C – электр жүйелері мен су құбырлары жүргізілмеген
- D – қызметтер мен жақсы инфрақұрылымдары бар жерлерде дамиды

## Қоныс ресурстары

## Негізгі

## • Қалалық қоныстар ... азайтады

- A – топырақтағы тыңайтқыштар қорын
- B – отын қорын
- C – балық қорын
- D – жоғарыдағылардың барлығы

## Тереңдетілген

## • Жаңа инфрақұрылымдарға байланысты қажеттілікті келесі анықтамалардың қайсысы анық көрсетеді?

- A – жаңа инфрақұрылымдар біздің өзгеріс үстіндегі өмірімізге сәйкес келуі қажет
- B – жаңа инфрақұрылымдар қоршаған ортаны қорғау үшін қажет
- C – адамдардың көбісінде көлік болғандықтан, жаңа инфрақұрылымдар қажет
- D – жаңа инфрақұрылымдар жаңа интернет және ұялы телефон технологиялары үшін қажет

Қалалық қоныстар

Негізгі

• Әлем халқының көп бөлігі ... өмір сүреді

- A – ауылдық жерлерде
- B – үлкен қалалардың шеткі аймақтарында
- C – қалалық жерлерде
- D – үлкен қалаларға жақын ауылдарда

• Қалалық қоныстардың қай бөлігінде тұрғын үй арзан?

- A – қаланың шеткі аймағында
- B – орталық бизнес аудандарында
- C – қала орталығында
- D – ауылдық-қалалық өлкеде

• Қай анықтама орталық бизнес ауданын (ОБА) жақсы сипаттайды?

- A – дүкендер мен мейрамханалар орналасқан қала бөлігі
- B – негізгі жолдар түйісетін бірнеше сауда аймағы
- C – дамыған көлік желілері бар қала бөлігі
- D – сауда аймағы мен үлкен кеңселер орналасқан бөлік

• Ауылдық-қалалық өлкелерге төмендегілердің қайсысы жатады?

- A – үйлер мен мектептер
- B – шағын дүкендер мен кеңселер
- C – концерт залдары мен мейрамханалар
- D – бизнес парктер мен сауда орталықтары

Тереңдетілген

• Күніне қанша адам қалаға көшеді?

- A – 1 миллион
- B – 180 000
- C – 80 000
- D – 8000

• Орталық бизнес ауданы жайлы анықтамалардың қайсысы дұрыс емес?

- A – әрбір қалалық қоныстың тарихи орталығында орталық бизнес ауданы орналасады
- B – орталық бизнес ауданда жердің бағасы төмен
- C – орталық ауданда аз адам тұрады
- D – орталық бизнес ауданы дүкендер, кеңселер мен мейрамханалар орналасатын негізгі аймақ

• Төмендегілердің қайсысы қаланың орталық аймақтарына тән?

- A – қаланың құлдырауы
- B – жұмыссыздық
- C – қылмыс
- D – қымбат тұрғын үйлер

• Қаланың шеткі аймақтары – ...

- A – қаланың құлдырап жатқан бөлігі
- B – тұрғын үйлердің құны төмен жерлер
- C – қаланың шетінде орналасқан бөлік
- D – дүкендер мен кеңселер көп орналасқан бөлік

Қалалық жерлерді пайдалану үлгілері

Негізгі

• Қалалық қоныстардың құрылымын түсіндіру үшін географтар не жасады?

- A – қаланың экологиялық үлгілерін
- B – қалалық жерлердің үлгілерін
- C – қалалық жерлерді қолдану үлгілерін
- D – қалалық ландшафт үлгілерін

• Қалалық аймақтың құрылымын түсіндіру үшін “сақиналарды” қолданатын модельдің аты:

- A – Бейкер моделі
- B – Берджесс моделі
- C – Браун моделі
- D – Бёртон моделі

• Хорт қалалық жерлер ... арқылы дамиды деп айтты

- A – сақиналар
- B – секторлар
- C – бағаналар
- D – жолдар

• Лашық үйлі қалашықтар ... орналасады

- A – жердің сапасы жоғары қала орталықтарында
- B – жердің сапасы нашар қала шетінде
- C – жердің сапасы нашар қала орталығында
- D – жердің сапасы жоғары қала шетінде

Тереңдетілген

• Берджесс моделі қаланың қалай қарай өсетінін көрсетеді?

- A – секторлардағы әртүрлі нүктелерден сыртқа қарай
- B – секторлардағы орталық нүктеден сыртқа қарай
- C – сақиналардағы әртүрлі нүктелерден сыртқа қарай
- D – сақиналардағы орталық нүктеден сыртқа қарай

• Дамыған және кенже дамыған елдердің қалаларының екеуіне де тән:

- A – лашық үйлі қалашықтар
- B – орталық бизнес ауданы
- C – қаланың шеткі аймақтары
- D – қаланың шетіндегі бизнес ауданы

• Хойт пен Берджесс моделдері ... үшін маңызды

- A – дамушы елдер
- B – дамушы және дамыған елдер
- C – дамыған елдер
- D – дамыған елдердің тең жартысы

• Хойт моделі өнеркәсіптің ... қатар дамуын көрсетеді

- A – авто магистральдармен
- B – су жолдарымен
- C – құны жоғары үйлердің аймағымен
- D – коммуникация жолдарымен



**Ауылдық қоныстар**
**Негізгі**
**• Урбандалу процесі дегеніміз ...**

- A – қала халқының жылдам азаюы
- B – қала халқының жылдам өсуі
- C – қала халқының баяу азаюы
- D – қала халқының баяу өсуі

**• Негізгі жолдардың бойында орналасатын қоныстар қалай аталады?**

- A – орталықтанған қоныстар
- B – қалалық қоныстар
- C – шашылып-таралған қоныстар
- D – сызықтық қоныстар

**• Қаланың кеңеюі дегеніміз**

- A – қала халқының өсуі
- B – қаланың шеткі аймақтарға дейін өсуі
- C – зәулім ғимараттар санының артуы
- D – қалалардың қараусыз қалған жерлерге дейін кеңеюі

**• Қаланың шеткі аймақтарындағы ауыл шаруашылық жерлері қалай аталады?**

- A – қалалық шеткі аймақ
- B – ауылдық аймақ
- C – қаланың шеткі аймақтары
- D – ауылдық-қалалық аймақ

**Тереңдетілген**
**• Ауылдық қоныстардың көбінесе ...**

- A – халқы жас және туу деңгейі жоғары
- B – халқы қартаю үстінде және туу деңгейі аз
- C – халқы жас және туу деңгейі төмен
- D – халқы қартаю үстінде және туу деңгейі жоғары

**• Ауылдық-қалалық аймаққа не тән?**

- A – зәулім ғимараттар мен мейрамханалар
- B – зауыттар мен кеңселер
- C – сауда орталықтары мен өнеркәсіптік парктер
- D – құны төмен тұрғын үйлер

**• Орталықтанған қоныстар**

- A – негізгі жолдардың бойында орналасады
- B – нақты орталықсыз таралады
- C – түйісетін жолдарды қамтиды
- D – орталығында ферма орналасады

**• Урбандалудың ауылдағы жұмыспен қамтамасыз етушілікке қандай әсері бар?**

- A – шағын бизнес арқылы жұмыспен қамтамасыз етілушілер саны көп болады
- B – қолжетімді жұмыс көлемі аз болады
- C – адамдар ауыл, орман, балық шаруашылығы арқасында жұмыспен көбірек қамтыла түседі
- D – адамдар үлкен масштабты өнеркәсіптерде жұмыспен көбірек қамтыла түседі

• Жауаптар

Қоныс ресурстары

Негізгі

• Инфрақұрылымға келесілер жатады:

- A – көлік жүйелері, интернеттің қолжетімділігі, ұялы телефон технологиялары
- B – электр желілері, заң қорғау органдары, канализация
- C – электрмен қамтамасыз ету жүйелері, су құбырлары, денсаулық сақтау

D – жоғарыдағылардың барлығы

• Лашық үйлі қалашықтар ... пайда болуы мүмкін

- A – табиғи ресурстар орналасқан жерде
- B – көлік желілері жақсы дамыған жерде
- C – қоғамдық инфрақұрылымдар мен қызметтер көрсетілмейтін жерде
- D – әртүрлі қызметтер көрсетілетін жерде

• Орнықты қоныстану ...

A – табиғи ресурстарды тауыспай, әрбір адамды жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді

- B – табиғи ресурстарды қолдана отырып, әрбір адамды жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді
- C – табиғи ресурстарды тауыспай, халықтың тең жартысын жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді
- D – табиғи ресурстарды қолдана отырып, халықтың тең жартысын жеткілікті ресурспен қамтамасыз етеді

Тереңдетілген

• Инфрақұрылымдар ...

- A – қоныстардың негізгі және ұйымдық құрылымы болып табылады
- B – қоғамның игілігі үшін қажет
- C – қауіпсіз, сәтті және бақытты қоғам құру үшін қажет

D – жоғарыдағылардың барлығы

• Қалдықты өңдеу инфрақұрылымының жеткіліксіздігінен жылына қанша сәби көз жұмады?

A – 1,5 миллион

B – 250 000

C – 3 миллион

D – 600 000

• Төмендегілердің қайсысы лашық үйлі қалашыққа тән емес?

- A – қоғамдық инфрақұрылымдар мен қызметтер көрсетілмейтін жерде орналасады
- B – қылмыс пен жұмыссыздық деңгейлері жоғары
- C – электр жүйелері мен су құбырлары жүргізілмеген

D – қызметтер мен жақсы инфрақұрылымдары бар жерлерде дамиды

## Қоныс ресурстары

## Негізгі

• Қалалық қоныстар ... азайтады

A – топырақтағы тыңайтқыштар қорын

B – отын қорын

C – балық қорын

D – жоғарыдағылардың барлығы

## Тереңдетілген

• Жаңа инфрақұрылымдарға байланысты қажеттілікті келесі анықтамалардың қайсысы анық көрсетеді?

A – жаңа инфрақұрылымдар біздің өзгеріс үстіндегі өмірімізге сәйкес келу қажет

B – жаңа инфрақұрылымдар қоршаған ортаны қорғау үшін қажет

C – адамдардың көбісінде көлік болғандықтан, жаңа инфрақұрылымдар қажет

D – жаңа инфрақұрылымдар жаңа интернет және ұялы телефон технологиялары үшін қажет

Қалалық қоныстар

Негізгі

- Әлем халқының көп бөлігі ... өмір сүреді

- A – ауылдық жерлерде
- B – үлкен қалалардың шеткі аймақтарында
- C – қалалық жерлерде**
- D – үлкен қалаларға жақын ауылдарда

- Қалалық қоныстардың қай бөлігінде тұрғын үй арзан?

- A – қаланың шеткі аймағында
- B – орталық бизнес аудандарында
- C – қала орталығында**
- D – ауылдық-қалалық өлкеде

- Қай анықтама орталық бизнес ауданын (ОБА) жақсы сипаттайды?

- A – дүкендер мен мейрамханалар орналасқан қала бөлігі
- B – негізгі жолдар түйісетін бірнеше сауда аймағы**
- C – дамыған көлік желілері бар қала бөлігі
- D – сауда аймағы мен үлкен кеңселер орналасқан бөлік

- Ауылдық-қалалық өлкелерге төмендегілердің қайсысы жатады?

- A – үйлер мен мектептер
- B – шағын дүкендер мен кеңселер
- C – концерт залдары мен мейрамханалар
- D – бизнес парктер мен сауда орталықтары**

Тереңдетілген

- Күніне қанша адам қалаға көшеді?

- A – 1 миллион
- B – 180 000**
- C – 80 000
- D – 8000

- Орталық бизнес ауданы жайлы анықтамалардың қайсысы дұрыс емес?

- A – әрбір қалалық қоныстың тарихи орталығында орталық бизнес ауданы орналасады
- B – орталық бизнес ауданда жердің бағасы төмен**
- C – орталық ауданда аз адам тұрады
- D – орталық бизнес ауданы дүкендер, кеңселер мен мейрамханалар орналасатын негізгі аймақ

- Төмендегілердің қайсысы қаланың орталық аймақтарына тән?

- A – қаланың құлдырауы
- B – жұмыссыздық
- C – қылмыс
- D – қымбат тұрғын үйлер**

- Қаланың шеткі аймақтары – ...

- A – қаланың құлдырап жатқан бөлігі
- B – тұрғын үйлердің құны төмен жерлер
- C – қаланың шетінде орналасқан бөлік**
- D – дүкендер мен кеңселер көп орналасқан бөлік



Қалалық жерлерді пайдалану үлгілері

Негізгі

• Қалалық қоныстардың құрылымын түсіндіру үшін географтар не жасады?

A – қаланың экологиялық үлгілерін

B – қалалық жерлердің үлгілерін

C – қалалық жерлерді қолдану үлгілерін

D – қалалық ландшафт үлгілерін

• Қалалық аймақтың құрылымын түсіндіру үшін “сақиналарды” қолданатын модельдің

A – Бейкер моделі

B – Берджесс моделі

C – Браун моделі

D – Бёртон моделі

• Хорт қалалық жерлер ... арқылы дамиды деп айтты

A – сақиналар

B – секторлар

C – бағаналар

D – жолдар

• Лашық үйлі қалашықтар ... орналасады

A – жердің сапасы жоғары қала орталықтарында

B – жердің сапасы нашар қала шетінде

C – жердің сапасы нашар қала орталығында

D – жердің сапасы жоғары қала шетінде

Тереңдетілген

• Берджесс моделі қаланың қалай қарай өсетінін көрсетеді?

A – секторлардағы әртүрлі нүктелерден сыртқа қарай

B – секторлардағы орталық нүктеден сыртқа қарай

C – сақиналардағы әртүрлі нүктелерден сыртқа қарай

D – сақиналардағы орталық нүктеден сыртқа қарай

• Дамыған және кенже дамыған елдердің қалаларының екеуіне де тән:

A – лашық үйлі қалашықтар

B – орталық бизнес ауданы

C – қаланың шеткі аймақтары

D – қаланың шетіндегі бизнес ауданы

• Хойт пен Берджесс моделдері ... үшін маңызды

A – дамушы елдер

B – дамушы және дамыған елдер

C – дамыған елдер

D – дамыған елдердің тең жартысы

• Хойт моделі өнеркәсіптің ... қатар дамуын көрсетеді

A – авто магистральдармен

B – су жолдарымен

C – құны жоғары үйлердің аймағымен

D – коммуникация жолдарымен

**Ауылдық қоныстар**
**Негізгі**

• Урбандалу процесі дегеніміз ...

A – қала халқының жылдам азаюы

**B – қала халқының жылдам өсуі**

C – қала халқының баяу азаюы

D – қала халқының баяу өсуі

• Негізгі жолдардың бойында орналасатын қоныстар қалай аталады?

A – орталықтанған қоныстар

B – қалалық қоныстар

C – шашылып-таралған қоныстар

**D – сызықтық қоныстар**

• Қаланың кеңеюі дегеніміз

A – қала халқының өсуі

**B – қаланың шеткі аймақтарға дейін өсуі**

C – зәулім ғимараттар санының артуы

D – қалалардың қараусыз қалған жерлерге дейін кеңеюі

• Қаланың шеткі аймақтарындағы ауыл шаруашылық жерлері қалай аталады?

A – қалалық шеткі аймақ

B – ауылдық аймақ

C – қаланың шеткі аймақтары

**D – ауылдық-қалалық аймақ**

**Тереңдетілген**

• Ауылдық қоныстардың көбінесе ...

A – халқы жас және туу деңгейі жоғары

**B – халқы қартаюу үстінде және туу деңгейі аз**

C – халқы жас және туу деңгейі төмен

D – халқы қартаюу үстінде және туу деңгейі жоғары

• Ауылдық-қалалық аймаққа не тән?

A – зәулім ғимараттар мен мейрамханалар

B – зауыттар мен кеңселер

**C – сауда орталықтары мен өнеркәсіптік парктер**

D – құны төмен тұрғын үйлер

• Орталықтанған қоныстар

A – негізгі жолдардың бойында орналасады

B – нақты орталықсыз таралады

**C – түйсетін жолдарды қамтиды**

D – орталығында ферма орналасады

• Урбандалудың ауылдағы жұмыспен қамтамасыз етушілікке қандай әсері бар?

A – шағын бизнес арқылы жұмыспен қамтамасыз етілушілер саны көп болады

**B – қолжетімді жұмыс көлемі аз болады**

C – адамдар ауыл, орман, балық шаруашылығы арқасында жұмыспен көбірек қамтыла түседі

D – адамдар үлкен масштабты өнеркәсіптерде жұмыспен көбірек қамтыла түседі